

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 227-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қыркүйекте № 8711 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық таратушы құбырлары арқылы тасымалдау жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 29 қыркүйектегі № 284-НҚ бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3908 нөмірмен тіркелген "Ресми газетте" 2005 жылғы 26 қарашада № 49 нөмірінде жарияланған) күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Құбыржолдары және су кәрізі жүйелері саласындағы реттеу департаменті (А.Г. Асқарова):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (С.П. Базарбаев) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін, кейін жарияланғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне (С.С. Метенова) ұсынсын;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.Ә. Алпысбаевқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

М. Оспанов

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасының

Мұнай және газ министрі

_____ Ұ. Қарабалин

2013 жылғы 16 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі

төрағасының міндетін атқарушы

Ж. Жарқынбаев

2013 жылғы 25 шілде

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасының

Экономика және бюджеттік

жоспарлау министрінің

міндетін атқарушы

М. Құсайынов

2013 жылғы 09 тамыз

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының
2013 жылғы 26 шілдедегі
№ 227-НҚ бұйрығымен бекітілген

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) қызметтердің реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін түрлері бойынша кірістер, шығындар мен тартылған активтер есебінің, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік сметалар әзірлеудің және тарифтер есептеудің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі – субъектілер немесе мұнай тасымалдаушы ұйымдар) бөлек есепке алуын жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Бөлек есепке алу реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және жалпы өзге қызмет бойынша кірістер, шығындар мен тартылған активтер туралы ақпаратты жинау мен қорыту жүйесін, сондай-ақ мұнай тасымалдаушы ұйымдардың табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосына (бұдан әрі – уәкілетті орган) кірістер, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу туралы мәліметтерді (бұдан әрі – Мәліметтер) кезең-кезеңмен жасауын және ұсынуын білдіреді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Бөлек есептің негізгі қағидаттары:

1) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бастапқы құжаттар деректерінің негізінде тиісті қызметтерге тікелей жатқызуға мүмкіндік болған кезде тікелей жатқызу басымдығы;

2) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тиісті қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің олар байланысқан сол бір қызметтермен себеп-салдарлық байланыстарының негізінде бөлу;

3) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызметтердің реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін тиісті түрлеріне жатқызу және бөлу кезіндегі ашықтық;

4) ұсынылған ақпараттың пайдасы мен оны алуға шығындар арасындағы теңгерім;

5) есептіліктің негізгі мақсатын орындауға арналған сапалық сипаттамалар арасындағы теңгерім.

4. Мұнай тасымалдаушы ұйымдарының бөлек есеп жүргізуі реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және жалпы өзге қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес бөлінуін қамтамасыз етуге тиіс.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бөлу базасы - шығындар, қолданысқа енгізілген активтер, негізгі құралдардың топтары мен қызметтер арасындағы тәуелділікті көрсететін көрсеткіш;

2) бірлескен шығындар - бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық

байланысы жоқ, сондықтан осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінетін шығындар;

3) бірлескен қолданысқа енгізілген активтер - бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ, сондықтан осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінетін қолданысқа енгізілген активтер;

4) жалпы шығындар - барлық қызметтерді ұсынумен байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай да белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ, сондықтан осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінетін шығындар;

5) жалпы қолданысқа енгізілген активтер - қызметтердің барлық түрлерін ұсынумен байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай да бір себеп-салдарлық байланысы жоқ, сондықтан осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінетін қолданысқа енгізілген активтер;

6) қолданысқа енгізілген активтер - негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді қамтитын белгілі бір қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мұнай тасымалдаушы ұйымының активтері;

7) қызметтерге жанама шығындар - бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) бір мезгілде себеп-салдарлық байланыстары бар, сондықтан да белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылмаған, бірақ қызметтерге белгілі бір бөлу базасының негізінде бөлінген шығындар;

8) қызмет бағыттарының элементтеріне жанама шығындар - қызмет бағыттарының бірнеше элементтерімен бір мезгілде себеп-салдарлық байланыстары бар, сондықтан да белгілі бір қызметке не қызмет бағыттарының элементіне тікелей және бір мәнді жатқызылмаған, бірақ қызмет бағыттарының элементтеріне белгілі бір бөлу базасының негізінде бөлінген шығындар;

9) қызметтер көрсету кезіндегі жанама қолданысқа енгізілген активтер - бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) бір мезгілде себеп-салдарлық байланыстары бар, сондықтан да белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылмаған, бірақ қызметтерге белгілі бір бөлу базасының негізінде бөлінген қолданысқа енгізілген активтер;

10) қызмет бағыттарының элементтеріне жанама қолданысқа енгізілген активтер - қызмет бағыттарының бірнеше элементтерімен бір мезгілде себеп-салдарлық байланыстары бар, сондықтан да белгілі бір қызметке немесе қызмет бағыттарының элементіне тікелей және бір мәнді жатқызылмаған, бірақ қызмет бағыттарының элементтеріне белгілі бір бөлу базасының негізінде бөлінген қолданысқа енгізілген активтер;

11) қызмет бағыттары - қызметтер көрсетуге дербес те, бір бірімен өзара іс-қимылмен де қатысатын қызметтер өндірудің белгілі бір процестерінің жиынтығы;

12) қызмет көрсететін процестер - нәтижесі өндірістік процестерге және менеджмент процестеріне қызмет көрсету болып табылатын қызметтер өндіру процестері;

13) қызметтер өндіру процестері - мұнай тасымалдаушы ұйымының қызметіндегі белгілі бір іс-әрекеттердің бірізділігі, түпкілікті мақсаты қызметтер көрсету үшін оның ресурстарын пайдалану. Қызметтер өндіру процестері мынадай топтарға бөлінеді: өндірістік процестер, қызмет көрсететін процестер, менеджмент процестері;

14) қызметтерге арналған тікелей шығындар - белгілі бір қызметпен тікелей байланысы бар, сондықтан да белгілі бір қызметке тікелей жатқызылған шығындар;

15) қызмет бағыттарының элементтеріне арналған тікелей шығындар - қызмет бағыттарының белгілі бір элементімен тікелей байланысы бар, сондықтан да қызмет бағыттарының белгілі бір элементіне тікелей жатқызылған шығындар;

16) қызметтер көрсету кезінде тікелей қолданысқа енгізілген активтер - белгілі бір қызметпен тікелей байланысы бар, сондықтан да белгілі бір қызметке тікелей жатқызылған қолданысқа енгізілген активтер;

17) қызмет бағыттарының элементтеріне тікелей қолданысқа енгізілген активтер - қызмет бағыттарының белгілі бір элементімен тікелей байланысы бар, сондықтан да қызмет бағыттарының белгілі бір элементіне тікелей жатқызылған қолданысқа енгізілген активтер;

18) қызмет бағытының элементтері - қызметтер, оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын, кейін реттеліп көрсетілетін қызметтер түрлеріне және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бөле отырып, олардың құнын және олармен байланысты шығындарды бағалау және бөлу үшін біріктірілген негізгі құралдар тобы;

19) менеджмент процестері - кәсіпорынның қызметін талдауды, барлық кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-әрекеттерді үйлестіруді қамтитын қызметтерді өндіру процестері;

20) мұнай тасымалдаушы ұйым - меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде магистральдық мұнай құбыржолдарына, олардағы құрылыстарға ие, осы мұнай құбыржолдары арқылы мұнай тасымалдау қызметтерін көрсететін ұйым;

21) өндірістік процестер - қызметтерді өндіруге және көрсетуге тікелей бағытталған процестер;

22) сыртқы қызметтер - мұнай тасымалдаушы ұйымдарының қызметтері, оның ішінде сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын реттеліп көрсетілмейтін қызметтер;

23) трансферттік төлемдер - көрсетілген ішкі қызметтер көлемнің құндық көрінісі;

24) трансферттік таксалар - көрсетілген ішкі қызметтердің бірлігіне шығындардың құндық көрінісі;

25) шартты кірістер - ішкі қызметтер көлемін трансферттік таксаға көбейту жолымен анықталатын көрсетілген ішкі қызметтер құны;

26) ішкі қызметтер - мұнай тасымалдаушы ұйым қызметінің бір бағыттарында өндірілетін және осы ұйым қызметінің басқа бағыттарында сыртқы қызметті одан әрі көрсету мақсатында тұтынылатын қызметтер;

27) экономикалық ресурстар - өндірістік-шаруашылық қызметте пайдаланылатын табиғи (шикізат, геофизикалық), еңбек (адам капиталы), капиталдық (нақты капитал - негізгі құралдар) айналым қаражаттары (материалдар), ақпараттық ресурстар, қаржы ресурстары (ақша капиталы) болып бөлінетін көздер, қаражат жиынтығы;

28) экономикалық негізделген шығындар - мұнай тасымалдаушы ұйымының операциялық (қалыпты) қызметін, қолданысқа енгізілген активтерге салынған қолданыстағы капитал және қолданысқа енгізілген активтерді ұдайы өндіруге амортизациялық аударымдар бойынша өтеуді қамтамасыз етумен байланысты мұнай тасымалдаушы ұйымының шығындары.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар табиғи монополиялар туралы заңнамаға және "Магистральдық құбыр туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жанама шығындарды және жанама қолданысқа енгізілген активтерді реттеліп көрсетілетін қызметтер түрлері бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бөлу үшін мұнай тасымалдаушы ұйымдарының кірістері, шығындары мен қолданысқа енгізілген активтері қызмет бағыттары бойынша топтастырылады.

7. Қызмет бағыттарының мынадай түрлері бөлінеді:

1) мұнайды тасымалдау;

2) өзге де қызмет.

Мұнай тасымалдаушы ұйымдардың қызмет бағытының схемасы осы Қағидаларға 1-қосымшасында көрсетіледі.

Қызмет бағыттарының бөлінген түрлері ең аз болып табылады және қажет болған жағдайда кеңейтілуі мүмкін.

8. "Мұнайды тасымалдау" қызметі бағыты мұнайды тасымалдау қызметтерін көрсету процестеріне байланысты. "Мұнайды тасымалдау" қызметінің бағыты ішкі және сыртқы қызметтерді көрсетеді.

Ішкі қызметтерге "Өзге қызмет" қызметі бағыты үшін көрсетілетін сумен жабдықтау, электр энергиясымен жабдықтау, электр энергиясын беру және тарату, жылу энергиясымен жабдықтау және басқа да қызметтер жатқызылады.

Сыртқы қызметтерге мына қызметтер жатады:

- 1) мыналарды қамтитын мұнай айдау қызметтері:
мұнайды айдау жөніндегі жалпы қызметтер;
тұтқыр мұнайды айдау жөніндегі арнайы қызметтер;
- 2) мұнайды қабылдау-тапсыру жөніндегі қызметтер;
- 3) мұнайды тасымалдауға байланысы жоқ мұнайды сақтау жөніндегі қызметтер;
- 4) мұнайдың коммерциялық сапасын көтеру мақсатында араластыру жөніндегі қызметтер;
- 5) мұнайды ауыстыру жөніндегі қызметтер;
- 6) мұнайды құйып алу - құю жөніндегі қызметтер.

"Мұнайды тасымалдау" қызметі бағытының кірістері ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер түріндегі шартты кірістерді және сыртқы қызметтер көрсетуден алынған кірістерді қамтиды. Сыртқы қызметтер көрсетуден алынған кірістер бастапқы құжаттар деректері бойынша анықталады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер көрсетілген ішкі қызметтердің көлемдеріне және осы қызметтер бойынша трансферттік таксаларға сүйене отырып анықталады.

"Мұнайды тасымалдау" қызметі бағытының шығындары "Мұнайды тасымалдау" қызметі бағытының элементтерін пайдалануға, ұстауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты шығындарды және қызметтің басқа да бағыттарынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерді қамтиды.

"Мұнайды тасымалдау" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтері құрамына магистральдық мұнай құбыржолдары, катод қорғау станциялары, электр станциялары, қазандықтар, электр беру желілері және "Мұнайды тасымалдау" қызметі бағытында қолданысқа енгізілген басқа да активтер кіреді.

9. "Өзге қызмет" қызметінің бағыты сыртқы тұтынушыларға өзге де қызметтерді көрсетуді және өткізуді қамтамасыз ететін қызметтерді көрсету процестеріне байланысты. "Өзге қызмет" қызметі бағыты ішкі және сыртқы қызметтерді көрсетеді.

Ішкі қызметтерге көрсетілген қызмет бағытының технологиялық процестерін қамтамасыз ету мақсатында "Мұнайды тасымалдау" қызметі бағыты үшін көрсетілетін сумен жабдықтау жөніндегі қызметтер жатқызылады.

Сыртқы өзге пайдаланушыларға "Өзге қызмет" қызметі бағытымен ұсынылатын сыртқы қызметтерге мыналар жатады:

- 1) жылу қазандықтарымен жылу энергиясын өндіру;
- 2) электр және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) тарату;
- 3) сумен жабдықтау қызметтері;

4) сыртқы тұтынушыларға мұнай тасымалдаушы ұйымдары ұсынатын қызметтердің басқа да түрлері.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының кірістері ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден алынатын шартты кірістерден және сыртқы қызметтер көрсетуден алынатын кірістерден тұрады. Сыртқы қызметтер көрсетуден түсетін кірістер бастапқы құжаттардың деректері бойынша анықталады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер көрсетілген ішкі қызметтер көлемдеріне және осы қызметтер көрсетілген трансферттік таксаларға сүйене отырып анықталады.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының шығындары "Өзге қызмет" қызметі бағытының элементтерін пайдалануға, ұстауға және оған қызмет көрсетуге байланысты шығындардан және қызметтің басқа да бағыттарынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден тұрады.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтерінің құрамына сыртқы тұтынушыларға қызмет көрсетуге және оны өткізуге байланысты активтер кіреді.

10. Кірістерді, шығындар мен тартылған активтердің бөлек есебін жүргізу реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және жалпы өзге қызмет бойынша қызметтің әрбір бағытының шеңберінде жүргізіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мұнай тасымалдаушы ұйымдар осы Қағидалардың 8-9-тармақтарында көзделмеген қызметтерді көрсету кезінде оларды ішкі және сыртқы қызметтерге жатқызуды осы Қағидалардың 5-тармағының 22) және 26) тармақшаларында белгіленген ұғымдар негізінде дербес жүргізеді.

12. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрін көрсететін табиғи монополия субъектісі үшін субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінен алатын жылдық жиынтық кірісіндегі неғұрлым көп кірістердің үлесімен табиғи монополия саласының кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидалары қолданылады.

2. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құрылымы

13. Кірістерді реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша бөлу бөлек есептің негізгі қағидаттары ескеріле отырып жүргізіледі. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуден алынатын кірістер реттеліп көрсетілетін қызметтердің тиісті түрлерінің жинақталған көлемдеріне және осы қызметтерге белгіленген бағаларға (тарифтерге) сүйене отырып анықталады.

14. Қызметтер көрсетуден алынатын кірістер бастапқы құжаттар деректерінің негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша тікелей жатады.

15. Бөлек есептің мақсаты үшін шығындар реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша ескеріледі. Егер сыртқы қызмет көрсету кезінде ішкі қызмет пайдаланылған жағдайда, онда реттеліп көрсетілетін қызметі шығындарының құрамында ішкі қызмет үшін трансферттік төлемдер ескеріледі.

16. "Мұнайды тасымалдау" қызметі бағытымен реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну бойынша шығындар "Өзге қызмет" қызметі бағытынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден, сондай-ақ осы қызметтерді көрсетуге байланысты басқа да шығындардан жинақталады.

17. "Өзге қызмет" қызметі бағытымен реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну бойынша шығындар "Мұнайды тасымалдау" қызметі бағытынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден, сондай-ақ осы қызметтерді көрсетуге байланысты басқа да шығындардан жинақталады.

18. Ішкі қызметтер түрлері бойынша қолданысқа енгізілген активтер, егер реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде ішкі қызметтер пайдаланылған жағдайда бөлінеді.

19. Қолданысқа енгізілген активтерге қызметтің осы бағытында тікелей қолданысқа енгізілген активтер, сондай-ақ қызметтің басқа бағыттарынан алынған ішкі қызметтер көрсетуде қолданысқа енгізілген активтердің тиісті теңгерімдік құны жатады.

3. Қызметтердің түрлері бойынша шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу тәртібі

20. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер тікелей, жанама, бірлескен және жалпы болып бөлінеді.

21. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің сыртқы қызметтерімен тікелей байланысы болған жағдайда жасалған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын осындай сыртқы қызметтерге тікелей жатқызу

жүргізіледі, жанама байланыстар болған жағдайда – жасалған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құны бөлу базасының негізінде жанама бөлінеді. Мұнай тасымалдаушы ұйымдар көрсететін қызметтерге шығындар мен активтерді бөлу схемасы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетіледі.

Мұнай тасымалдаушы ұйымдар көрсететін қызметтерге шығындар мен активтерді бөлу схемасы бірізділікпен жүргізіледі:

1) бірінші кезеңде экономикалық ресурстар бойынша шығындар мен активтерді топтастыру оларды тиісінше экономикалық ресурстарға тікелей жатқызу және жанама бөлу жолымен жүргізіледі. Шығындар мен активтерді экономикалық ресурстарға бөлу базаларының үлгілері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

2) екінші кезеңде шығындар мен активтерді көрсетілетін қызметтердің тиісті процестеріне (өндірістік, қызмет көрсетуші, менеджмент) тікелей жатқызу және жанама бөлу экономикалық ресурстардың көрсетілетін қызметтердің осы процестерімен тікелей және жанама байланыстарын айқындау жолымен жүргізіледі. Экономикалық ресурстарды көрсетілетін қызметтердің процестеріне бөлу базаларының үлгілері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

3) үшінші кезеңде қызмет көрсету процестерімен байланысты шығындар мен активтерді өндірістік процестерге және менеджмент процестеріне тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі. Қызмет көрсету процестерін өндірістік процестерге және менеджмент процестеріне бөлу базаларының үлгілері осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

4) төртінші кезеңде өндірістік процестерге байланысты шығындар мен активтерді сыртқы қызметтерге және қызмет бағыттарының элементтеріне тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі. Өндірістік процестерге байланысты шығындар мен активтерді ішкі және сыртқы қызметтерге және қызмет бағыттарының элементтеріне бөлу базаларының үлгілері осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

5) бесінші кезеңде менеджмент процестеріне байланысты шығындар мен активтерден қызмет бағыттарының элементтеріне байланысты бірлескен шығындар мен активтерді бөлу және оларды бөлу базасының негізінде бөлу жүзеге асырылады;

6) алтыншы кезеңде шығындарды қызмет бағыттарымен көрсетілетін ішкі және сыртқы қызметтерге тікелей жатқызу мен жанама бөлу және қызмет бағыттары элементтері активтерінің қолданысқа енгізілу дәрежесін айқындау жүргізіледі. Қызмет бағыттарының элементтерін қызметтерге белгіленген бөлу базаларының ең аз тізбесі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

7) жетінші кезеңде ішкі қызметтерді тиісті сыртқы қызметтерге жатқызу және сыртқы қызметтерді ұсыну кезеңдері бойынша шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді жиынтықтау Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген жүргізіледі;

8) сегізінші кезеңде сыртқы қызметтерге байланысты менеджмент процестерінің жалпы және бірлескен шығындары мен активтерін бөлу базасының негізінде сыртқы қызметтердің тиісті түрлеріне бөлу жүзеге асырылады.

4. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша кірістер, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер туралы есептерді ұсыну

22. Мұнай тасымалдаушы ұйымдар уәкілетті органға бөлек есеп бойынша мәліметтерді ұсынады.

23. Мұнай тасымалдаушы ұйымдар осы Қағидаларға сәйкес ұсынатын бөлек есеп бойынша мәліметтер өзіне мыналарды қамтиды:

1) экономикалық ресурстардың түрлері бойынша шығындар мен активтерді тікелей жатқызу және жанама бөлу туралы есеп осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

2) шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызметтерді өндіру процестеріне бөлу туралы есеп осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

3) қызмет көрсететін процестердің шығындары мен активтерін өндірістік процестерге және менеджмент процестеріне бөлу туралы есеп осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

4) өндірістік процестердің шығындары мен активтерін сыртқы қызметтер мен қызмет бағыттарының элементтеріне бөлу туралы есеп осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

5) менеджмент процестерінің шығындары мен активтерін қызмет бағыттарының элементтеріне, сыртқы қызметтерге, қызметтерге байланысты бірлескен және жалпы шығындарға бөлу туралы есеп осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

6) қызмет бағыттарының элементтерін ішкі және сыртқы қызметтерге бөлу туралы есеп осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

7) менеджмент процестерінің жалпы және бірлескен шығындары мен активтерін сыртқы қызметтерге бөлу туралы есеп осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

8) ішкі және сыртқы қызметтерге байланысты шығындарды және қолданысқа енгізілген активтерді сыртқы қызметтерге бөлу туралы есеп осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

9) мұнай тасымалдаушы ұйымдар көрсететін қызметтерге байланысты шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді мұнай тасымалдаушы ұйымдар көрсететін сыртқы қызметтердің реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін түрлеріне бөлу туралы есеп осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

10) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді сыртқы қызметтер түрлеріне түпкілікті бөлу туралы есеп осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

11) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызмет бағыттары бойынша бөлу туралы есеп осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген.

24. Осы Қағидаларға 18-қосымшаның "Кірістер жиыны" деген жолындағы "Жиыны" деген бағанында көрсетілген жиынтық деректер "Дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен кіріс" және мұнай тасымалдаушы ұйымның кірістері мен шығыстары туралы есебінің "Өзге қызметіне" кіретін қызметтерден түскен кірістерге сәйкес келуі тиіс.


25. Осы Қағидаларға 18-қосымшаның "Жиыны" деген бағанындағы "Шығындар жиыны" және "Амортизация жиыны" деген жолдарындағы жиынтық сома "Өткізілген өнімнің өзіндік құны" және "Кезең шығыстары" деген жолдарындағы жиынтығы мұнай тасымалдаушы ұйымының кірістері мен шығыстары туралы есебінің "Өзге қызметіне" кіретін қызметтер бойынша шығыстарға сәйкес келеді.

26. Мәліметтерді мұнай тасымалдаушы ұйымдар есептілікті жылдық негізде есепті жылдан кейінгі жылдың 31 мамырынан кешіктірмей уәкілетті органға осы Қағидаларға қосымшаларға сәйкес ұсынады.

27. Қағаз жеткізгіштегі мәліметтерге Субъектінің басшысы, бас бухгалтері, атқарушысы қолдарын қояды және мөрмен растайды. Уәкілетті органға мәліметтер электрондық және қағаз жеткізгіште ұсынылады.

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына 1-қосымша

Мұнай тасымалдаушы ұйымдар қызметінің бағыттары схемасы



Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына 2-қосымша

Мұнай тасымалдаушы ұйымның қызметтеріне шығындар мен активтерді бөлу схемасы

Жалақы	Бастапқы құжаттар	T	x	x	x	x	x		x	x	x
Еңбекке ақы төлеуден аударымдар	Еңбекке ақы төлеу	T	x	x	x	x	x		x	x	x
Отын	Бастапқы құжаттар немесе нормативтік көрсеткіштер	x	T,Ж	T,Ж	x	x	x		T,Ж	T,Ж	T,Ж
Құбырлар	Бастапқы құжаттар	x	x	x	T	T	T		x	x	x
Материалдар	Бастапқы құжаттар	x	T	T	T	T	T		T	T	T

1 Көрсетілген бөлу базалары үлгі ретінде келтірілген және уәкілетті орган бекітетін мұнай тасымалдаушы ұйымдардың бөлек есеп әдістемелерінде мұнай тасымалдаушы ұйымдар анықтауға тиіс.

Электр энергиясы	Есептеу аспаптарының көрсеткіштері немесе нормативтік қуат	x	T, Ж	T, Ж	x	x	x	x	T, Ж	T, Ж	T, Ж	x	T, Ж	x
Жылу энергиясы	Есептеу аспаптарының көрсеткіштері	x	T, Ж	T, Ж	x	x	x	x	x	T, Ж	x	x	x	x
Сумен жабдықтау	Есептеу аспаптарының көрсеткіштері	x	T, Ж	T, Ж	x	x	x	x	T, Ж	x	T, Ж	x	T, Ж	x
Байланыс қызметтері	Бастапқы құжаттар	T	x	x	x	x	x	x	x	x	x	x	x	x
Өзге шығындар (нақтылау дәрежесіне байланысты)		T, Ж	T, Ж	T, Ж	T, Ж	T, Ж	T, Ж	T, Ж	T, Ж	T, Ж	T, Ж	T, Ж	T, Ж	T, Ж
Активтер														
Қолданысқа енгізілген активтердің құны	Қызмет бағытының элементіне жататындығына байланысты	x	T	T	T	T	T	T	T	T	T	x	T	x
Қолданысқа енгізілген активтердің амортизациясы	Қолданысқа енгізілген активтердің құны	x	T	T	T	T	T	T	T	T	T	x	T	x

Шартты белгілер:

T – тікелей жатқызу;

Ж – жанама бөлу.

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген

Экономикалық ресурстарды қызметтер көрсету процестеріне бөлу базаларының үлгілері²

Экономикалық ресурстардың атауы			Қызметтерді өндіру процестері				
			Мыналар үшін жабдықты пайдалануға байланысты өндірістік процестер	пайдалануға байланысты қызмет көрсету процестері			
			Мұнайды тасымалдау (қызметтердің түрлері бойынша)	Өзге қызмет (реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша)	электр-химқорғау құралдары	арнайы техника	көмекші жабдық
Еңбек ресурстары (персонал)			(Т), қамтылу % немесе уақыт (Ж)	(Т), қамтылу % немесе уақыт (Ж)	(Т), қамтылу % немесе уақыт (Ж)	(Т), қамтылу % немесе уақыт (Ж)	(Т), қамтылу % немесе уақыт (Ж)
Күрделі (негізгі құралдар)	Ғимараттар мен құрылыстар	Сорғы	(Т), Мұнай көлемі(Ж)	x	x	x	x
		Өзге	Алаң, қызметкерлер саны (Ж)	Алаң, қызметкерлер саны (Ж)	Алаң, қызметкерлер саны (Ж)	Алаң, қызметкерлер саны (Ж)	Алаң, қызметкерлер саны (Ж)
	Өткізу құрылғылары	Технологиялық құбыржолдары	(Т), Мұнай көлемі(Ж)	x	x	x	x
		Өзге	(Т)	(Т)	x	x	(Т)
<p>2 Көрсетілген бөлу базалары үлгі ретінде келтірілген және уәкілетті орган бекітетін мұнай тасыма тасымалдаушы ұйымдар анықтауға тиіс.</p>							
Көлік құралдары	Магистральдық құбыржолдары	(Т)	(Т)	x	x	x	
	Өзге	Жүріс, уақыт (Ж)	Жүріс, уақыт (Ж)	(Т), Жүріс, уақыт (Ж)	(Т), Жүріс, уақыт (Ж)	(Т), Жүріс, уақыт (Ж)	
Сорғылар	Сорғылар	(Т), қамтылу % (Ж)	(Т), қамтылу % (Ж)	x	x	x	
Машиналар мен жабдық	Жылу алмастырғыштар	(Т)	x	x	x	x	
	Өзге	(Т), қамтылу % (Ж)	(Т), қамтылу % (Ж)	(Т), қамтылу % (Ж)	(Т), қамтылу % (Ж)	(Т), қамтылу % (Ж)	

	Өзге негізгі құралдар	Резервуарлар	Мұнай көлемі (К)	Көрсетілген қызметтердің көлемі (К)	x	x	x
		Өзге	(Т), алаң, қызметкерлер саны (Ж)	(Т), алаң, қызметкерлер саны (Ж)	(Т), алаң, қызметкерлер саны (Ж)	(Т), алаң, қызметкерлер саны (Ж)	(Т), алаң, қызметкерлер саны (Ж)
Өзге ресурстар			(Т), қамтылу % (Ж)	(Т), қамтылу % (Ж)	(Т), қамтылу % (Ж)	(Т), қамтылу % (Ж)	(Т), қамтылу % (Ж)

Шартты белгілер:

(Т) – тікелей жатқызу

(Ж) – жанама бөлу.

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына 5-қосымша нысан

Қызмет көрсететін процестерді өндірістік процестер мен менеджмент процестеріне бөлу³ базаларының үлгілері

Көмекші бизнес процестердің атауы	Өндірістік процестер мен менеджмент процестері					
	Өндірістік процестер		Менеджмент процестері			
	мұнай тасымалдауға арналған жабдыктарды пайдалануға байланысты	өзге қызметтің жабдықтарын пайдалануға байланысты	қаржы қызметтері	заң қызметтері	Әкімшілік	Маркетинг
электр-химқорғау құралдарын пайдалануға байланысты	(Т), қамтылу %	(Т), қамтылу %	x	x	x	x
арнайы техниканы пайдалануға байланысты	Жүріс, уақыт	Жүріс, уақыт	Жүріс, уақыт	Жүріс, уақыт	Жүріс, уақыт	Жүріс, уақыт
көмекші жабдықты пайдалануға байланысты	% жұмыспен қамтылу	% жұмыспен қамтылу	x	x	x	x

³ Көрсетілген бөлу базалары мысал ретінде келтірілген және уәкілетті орган бекітетін мұнай тасымалдаушы ұйымдардың бөлектеп есепке алу әдістемесінде мұнай тасымалдаушы ұйымдармен анықтауға жатады.

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына 6-қосымша нысан

Өндірістік процестерді сыртқы қызметтер мен қызмет бағыттарының элементтеріне бөлу базаларының⁴ үлгілері

Өндірістік процестердің атауы	Қызметтердің атауы		Қызмет бағыттарының элементтерін пайдалану
	мұнайды тасымалдау бойынша сыртқы қызметтер	Өзге қызметтің сыртқы қызметтері	
мұнай тасымалдауға арналған жабдықтарды пайдалануға байланысты	(Т), мұнай көлемі (Ж)	x	(Т), мұнай көлемі (Ж)
өзге қызмет бойынша жабдықтарды пайдалануға байланысты	x	(Т), су көлемі	(Т), су көлемі (Ж)

Шартты белгілер:

(Т) – тікелей жатқызу;

(Ж) – жанама бөлу.

⁴ Көрсетілген бөлу базалары үлгі ретінде келтірілген және уәкілетті орган бекітетін мұнай тасымалдаушы ұйымдардың бөлек есеп әдістемесінде мұнай тасымалдаушы ұйымдар анықтауға тиіс.

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына 7-қосымша нысан

Қызмет бағыттарының элементтерін⁵ ішкі және сыртқы қызметтерге бөлу базаларының үлгілері

Қызмет бағыттарының атауы	Қызметтердің түрлері		
	Мұнай тасымалдау бойынша сыртқы қызметтер	Өзге қызметтің сыртқы қызметтері	Ішкі қызметтер
Мұнай тасымалдау (элементтер бойынша)	мұнай көлемі	x	x
Өзге қызмет (элементтер бойынша)	x	су көлемі	Көрсетілген қызметтердің көлемі

⁵ Көрсетілген бөлу базалары үлгі ретінде келтірілген және уәкілетті орган бекітетін мұнай тасымалдаушы ұйымдардың бөлек есеп әдістемесінде мұнай тасымалдаушы ұйымдар анықтауға тиіс.

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына 8-қосымша нысан

Сыртқы қызметтерді⁶ ішкі қызметтерге жатқызу және сыртқы қызметтерді ұсыну кезеңдері бойынша шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді жиынтықтау

Р/с №	Сыртқы қызметтер	Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер				
		қызмет бағыттарымен ішкі қызметтерді көрсетуге байланысты (жетінші кезең)		өндірістік процестерге байланысты (төртінші кезең)	қызмет бағыттарының элементтеріне байланысты (алтыншы кезең)	менеджменттің процестеріне байланысты (сегізінші кезең)
		Мұнай тасымалдау	Өзге қызмет			
1.	Қызметтің бағыттарымен ұсынылатын сыртқы қызметтер:					
1	"Мұнайды тасымалдау" оның ішінде:		Т,Ж	Т,Ж	Т,Ж	Т,Ж

1.1	реттеліп көрсетілетін			қызметтердің көлемі бойынша	қызметтердің көлемі бойынша	қызметтердің көлемі бойынша
1.2	реттеліп көрсетілмейтін			қызметтердің көлемі бойынша	қызметтердің көлемі бойынша	қызметтердің көлемі бойынша
2	"Өзге қызмет", оның ішінде:	Т,Ж		Т,Ж	Т,Ж	Т,Ж
2.1	реттеліп көрсетілетін			қызметтердің көлемі бойынша	қызметтердің көлемі бойынша	қызметтердің көлемі бойынша
2.2	реттеліп көрсетілмейтін			қызметтердің көлемі бойынша	қызметтердің көлемі бойынша	қызметтердің көлемі бойынша

⁶ Көрсетілген бөлу базалары үлгі ретінде келтірілген және уәкілетті орган бекітетін мұнай тасымалдаушы ұйымдардың бөлек есеп әдістемесінде мұнай тасымалдаушы ұйымдар анықтауға тиіс.

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына 9-қосымша нысан

Экономикалық ресурстардың түрлері бойынша шығындар мен активтерді тікелей жатқызу және жанама бөлу туралы есеп

Есепті кезең 20__ ж.

Индексі: БЕ - Мұнай - 9

Кезеңділігі: Жылдық

Ақпарат ұсынушы тұлғалар шеңбері:

Мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілері

Мәліметтер қайда жіберіледі:

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігіне

Тапсыру мерзімі – есепті жылдан кейінгі жылдың 31 мамырынан кешіктірмей ұсынады.

(Ұйымның атауы)

(мың теңге)

Шығындар мен активтер	Белгіленген бөлу базасының атауы	Экономикалық ресурстар									
		Еңбек ресурстары (персонал)	Күрделі (негізгі құралдар)				Көлік құралдары	Сорғы	Машиналар жабдық		
			Ғимараттар мен құрылыстар		Өткізу құрылғылары					Сорғы	Өзге
		Сорғы	Өзге	Технологиялық тарту құбырлары	өзге	Магистральдық құбыржолдары	өзге	Сорғы	Жылу алмастырғы		
Шығындар											
Жалақы											
Еңбекке ақы төлеуден аударым											
Отын											
Өзге материалдар											
Электр энергиясы											
Жылу энергиясы											
Су мен жабдықтау											
Байланыс қызметтері											
Өзге шығындар (нақтылаудың дәрежесіне байланысты)											
Активтер											
Қолданысқа енгізілген активтердің құны											
Қолданысқа енгізілген активтердің амортизациясы											

М. О. Басшы _____
(Т.А.Ә.) қолы

Бас бухгалтер _____
(Т.А.Ә.) қолы
_____ жылғы " _____ "

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Экономикалық ресурстардың түрлері бойынша шығындар мен активтерді тікелей жатқызу және жанама бөлу туралы есеп

